

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық қорғаныс министрлігі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 қыркүйек N 1260

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық қорғаныс министрлігі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі тиісті келіссөздер

жүргізсін және қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық қорғаныс министрлігі арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Жоба

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен
Германия Федеративтік Республикасы Федералдық қорғаныс
министрлігінің арасындағы Әскери саладағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық қорғаныс

министрлігі,

Париж хартиясы жаңа Еуропа үшін белгілеген мақсаттарға сәйкес және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кең аумақты ынтымақтастыққа қол жеткізуге ұмтыла отырып,

ұлттық заңнамаларға, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына негізделе және Тараптардың халықаралық міндеттемелерін назарға ала отырып, әскери байланыстарды оңайлату және қолдау жөніндегі ЕҚЫҰ құжаттарынан туындайтын міндеттерді орындау үшін, әскери байланыстарды тереңдетуге үлес қоса отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап Келісімнің мәні

Осы Келісім жүйелі түрде ақпарат пен тәжірибе алмасудың, сондай-ақ Тараптардың қарулы күштерінің пайдасына әскери ынтымақтастықтың басқа да нысандары бойынша шеңберін қамтиды.

2-бап

Ынтымақтастық салалары

1. Тараптар ынтымақтастығы, егер ол келесі салаларда мемлекеттік және әскери құпияларды қозғамайтын болса ақпарат пен тәжірибе алмасу арқылы мынадай салаларда жүзеге асырылады:
 - қауіпсіздік саясаты мен әскери саясат;
 - қарулы күштердің еркін демократиялық қоғамға бірігуі;
 - конституция ережелері мен әскери саладағы заңнама;
 - ішкі басшылықты қолдану салалары;
 - қару-жараққа бақылау жасаудың әскери аспектілері;
 - қарулы күштердің әскери қызметшілері мен азаматтық қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру;
 - әскери әкімшілік пен әлеуметтік мәселелер;

- қарулы күштердің ұйымдық құрылымы;
- қарулы күштерді жоспарлау әдістері;
- қарулы күштердің бейбіт уақытта қызмет етуі;
- қарулы күштердің медициналық-санитарлық қызметі;
- әскери тарихы;
- әскери географиясы;
- қарулы күштерде қоршаған ортаны қорғау;
- қарулы күштерді табиғи апаттардың салдарын жою шеңберінде қолдану және гуманитарлық көмек көрсету;
- қарулы күштердің тылдық қамтамасыз етілуі;
- Тараптардың өзара келісімі бойынша басқа да салалардағы ынтымақтастық;
- өзара келісім бар барлық салаларда ақпаратпен және тәжірибемен алмасу.

2. Тараптар ішінара резервке шығарылғандармен жұмыс, әскери музыка және спорт салаларындағы қосымша әскери байланыстардың жеңілдетілуі және қолдау табуы тиіс деген пікірге тоқтайды.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

- Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:
- қорғаныс министрліктерінің жоғары лауазымды әскери және азаматтық өкілдерінің ресми сапарлары;
 - штабтық келіссөздер және сарапшылар келіссөздері;
 - делегациялардың ақпараттық және жұмыс сапарлары;
 - ұқсас әскери мекемелер арасындағы байланыстар;
 - курстарға, тағылымдамаларға, семинарларға, коллоквиумдарға және симпозиумдарға қатысу;
 - әскери зерттеулер туралы ақпараттар және материалдармен алмасу;
 - мәдени және спорттық шаралар.

4-бап

Іске асыру жөніндегі ережелер

1. Ынтымақтастық әр кезекті жылға бірлесіп жасалатын ерекше бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Бұл бағдарламалар осы Келісімді толықтырады. Тараптар қабылданған жылдық бағдарламаны өзара келісім бойынша кез келген уақытта өзгерте алады.

2. Ынтымақтастық шеңберінде келісілген шаралар қабылдаушы елдің қолданылып жүрген заңнамасын сақтап өткізілуі тиіс.

5-бап

Қауіпсіздік

Тараптар екі жақты байланыстар барысында алынған ақпараттар мен материалдарды қорғауға кепілдік береді. Тараптар бұл ақпараттар мен мәліметтерді басқа Тараптың мүддесіне зиян келтіріп қолданбайды.

Тараптардың бірінің осы Келісім шеңберінде алынған ақпарат пен мәліметтерді үшінші Тарапқа беруі екінші Тараптың келісімі негізінде болуы мүмкін.

6-бап

Басқа да шарттық міндеттемелер

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

7-бап

Келісімге өзгерістер енгізу

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

8-бап
Келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда тараптар оны келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

9-бап
Бұзу

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады. Әр Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жасау арқылы осы Келісімнің күшін тоқтата алады. Келісім екінші Тараптың хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткен соң өз күшін жояды.

_____ қаласында 200__ жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін

Германия Федеративтік
Республикасының Федеральдық
қорғаныс министрлігі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК